

Ақтөбе қаласы білім бөлімі
«Әдістемелік кабинет» КММ
МКҚК №39 «Достық» мектепке дейінгі ұйымы



БАҒДАРЛАМА

«ОТАНЫМ – МАҚТАНЫШЫМ»
(Мектепалды даярлық тобына арналған)

Ақтөбе, 2020 ж.

Бағдарламаның негізі: «Өнегелілік - Отаншылдық тәрбие беру»
(Алматы 2012 ж) кітабын негізге ала отырып, «Отаным - мақтанышым»
бағдарламасы мектепалды даярлық тобының балаларына арналып жазылған.

Құрастырған: Дүйсенқұлова Гүлбану Рафихқызы, тәрбиеші

№39 «Достық» мектепке дейінгі ұйымының педагогикалық кеңес
отырысында «Отаным – мақтанышым» бағдарламасы талқыланды.

Хаттама №1

«28» «08» 2020 ж.

№39 «Достық» МДҰ меңгерушісі: _____ А.Ж. Уркимбаева

(КОЛЫ)



Қалалық сараптау комиссиясының отырысында «Отаным - мақтанышым»
бағдарламасы мақұлданды.

Хаттама № 3

«14» «09» 2020 жыл

Қалалық сараптау комиссиясының төрайымы: _____ Ж.Б.Шалабаева

(КОЛЫ)



МКҚК №39 «Достық» мектепке дейінгі ұйымының тәрбиешісі Дүйсенқұлова
Гүлбану Рафиққызының
«Отаным - мақтанышым» бағдарламасына

Пікір

Балабақшадағы тәрбиелеу жұмысындағы өз елін сүйетін қасиетті топырағында өсіп-өніп келе жатқан ұл-қыздарымызды Отан сүйгіштікке тәрбиелеу өте маңызды орын алады. Баланың дүние танымын дамытуда өз ұлтының әдет-ғұрпын, дәстүрлерін біле отырып, мекен етіп келе жатқан елінде береке-бірлік бар екенін біліп, халқына құрметпен қарауға тәрбиелеу.

Бұл бағдарламада үлкенді сыйлауға, қоршаған ортасын сезінуге, өнегелі инабатты, әдепті Қазақстан республикасының азаматын тәрбиелеп өсіруде үлкен үлес, мақсаты зор теория терең ұсынылып отыр.

Балалардың ана тілін сыйлауға, тіл үйренуге қызығушылығын арттыру, өз елінің мәдениетін жетілдіру мақсаты алға қойылған.

Бағдарламаның мазмұны мектепке дейінгі ұйымда тәрбиеленушінің жас ерекшелігіне сай құрастырылған. Мектеп жасына дейінгі балаларды: қызықтырып, оқу үшін қажетті дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Сонымен қатар аталған бағдарлама балалардың жақын адамдарына, балабақшаға, туған қаласы мен туған еліне деген сүйіспеншілік сезімінің қалыптасуында орасан зор рөл атқарады. Бұл жастағы отаншылдық сезім әртүрлі жағдайларға байланысты. Отаншылдық-біздің көп ұлттық қоғамның гүлдену негізі. Бұл сезімді мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу - күрделі және ұзақ үдеріс. Азаматшылықты және патриотизмді өз Отаны – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халықтың әдет-ғұрпын қадірлеуге, кез келген конституцияға және қоғамдық көріністерге қарсы төзбеушілікке тәрбиелеуде бала өз мүмкіндігін қызметтің әр алуан түрлерінде іске асырады:

- Отан қорғаушылар кәсіптеріне арналған ойындар;
- Монологтық сөз белсенділік көрсететін, сөз шығармашылығы көтермеленетін әңгімелесулерде;
- Бейнелеу қызметінде (көркемдік ойды асырудың әртүрлі құралдарымен танысу);
- Музыкалық қызметте (шығармашылық арқылы өзін білдіреді);
- Билеуде (әртүрлі ойын ауыстырумен марштық композицияны орындау кезінде ырғақ сезімі, музыка сипатын қозғалыс арқылы бері дамиды).

Осының бәрі азаматтық пен отаншылдық сезімін неғұрлым тереңірек бастан өткізуге мүмкіндік береді.

Ұсынылып отырған бағдарламада мектеп жасына дейінгі балаларға патриоттық және рухани-адамгершілік тәрбие беруге бағытталған тақпақтар, мақал-мәтелдер және ұлттық ойындар қамтылған.

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе облыстық университетінің доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты



Ж.А. Жусупова

Түсінік хат

Балаларды мектеп жасына дейінгі кезеңде өз Отанына деген патриоттық сезімге тәрбиелесек, болашақта еліміздің тұтқасын ұстайтын нағыз патриот болатыны сөзсіз. Патриот ұрпақ – Мәңгілік елдің жетістігі, бақыт ашқан қақпасын, мәңгі бақи жаппасын - деп, ел болып жатқанда балалардың білімдерін кеңейтіп, күнделікті өмір шындығымен байланыстырып, патриоттық сезімдерін ояту, қазіргі таңда алдыңғы орындағы міндеттердің бірі. «Отаным – мақтанышым» адаптивтік бағдарламасы 5-6 жастағы мектепалды даярлық тобының балаларына арналып құрастырылған.

Бағдарламаның мақсаты: Қазақтың салт-дәстүрлерін, ұлттық киімін, ұлттық ойындарын атап, ерекшеліктерін сипаттай алады. Еліміздің жеткен жетістіктеріне мақтаныш сезімдерін танытады. Мемлекеттік және халықтық мерекелер, ел рәміздері туралы әңгімелейді.

Бағдарламаның мазмұны: Баланың өз елінің салт-дәстүрін танып білу, мемлекеттік нышандарға, мемлекеттік дәстүрлерге, қоғамдық мерекелерге деген құрметтеушілік көзқарасты тәрбиелеу және тілін дамыту әрекеттері ойын түрінде өткізу қаралған.

Міндеттері:

- азаматтық жеке тұлғасын – Отанға деген патриоттық сезімге, туған жерге сүйіспеншілікке тәрбиелеу;
- ұрпақтардың тарихи сабақтастығын қамтамасыз ету, ұлттық мәдениетті сақтау, тарату және дамыту, Қазақстан халықтарының тарихи және мәдени мұрасына ұқыпты көзқарасты тәрбиелеу;
- Қазақтың салт-дәстүрлерін, ұлттық ойындарын, ұлттық киімдерін танып білуге үйрету;
- балаларды отаншылдыққа тәрбиелеуге өз елінің тарихын зерделеу арқылы бағдарлау;
- татулық пен жеке тұлға аралық қатынастарды қалыптастыру.

Күтілетін нәтижелер:

- Туған ел, мемлекеттік және халықтық мерекелер, ел рәміздері туралы білімдерді меңгереді;
- Қазақстан әскері туралы түсінікке ие, Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің ерлігіне құрмет көрсетеді;
- Қазақтың салт-дәстүрлерін, ұлттық киімін, ұлттық ойындарын біледі;
- Қазақтың ұлттық ағартушыларын таниды;

Бағдарламаны қолдану мерзімі: 2 жыл. Сағат саны – 36, аптасына 1 сағат, ұзақтығы – 25-30 минут.

Тақырыптық жұмыс жоспары

№	Тақырыбы	Мазмұны	Сағат саны
1	«30 - Тамыз, Ата заңы күні»	Балаларға ата заңы күні салтанатты мереке деп мағлұмат беру. Баланың құқығы мен міндеті туралы түсініктерін қалыптастыру. Елінің мақтаныш тұрарлық, лайықты азаматы болуына тәрбиелеу.	1
2	«Ана тілің - арың бұл»	ҚР мемлекеттік- қазақ тілі. Тіл ұлттың жан дүниесі, сезімнің, ойдың жанды көрінісі сондықтан біз өз тілімізді біліп қоймай құрметтеуіміз керек. Баланың тілін ұстартып, жақсы сөйлей білуге үйрете отырып, оның ой-өрісін дамыту, патриоттық тәрбие беру.	1
3	Тілден асқан байлық жоқ	Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ». Бұл біздің дана халқымыздың төл сөзі. Тілге бұдан артық теңеу, қандай баға керек?... Сөзге, тілге деген құрметті сақтауға, ардақтай білуге тәрбиелеу	1
4	«Менің Отаным- Қазақстан»	ҚР туралы жалпы мағлұмат беру. ҚР тарихымен таныстыру. Өз Отанына, туған жеріне, еліне деген сүйіспеншілігін арттыру. Болашақ ұрпақты елінің ар-намысын қорғауға, Отанын сүюге тәрбиелеу.	1
5	ҚР - рәміздері	Балаларға мемлекеттік рәміздер туралы түсінік беру, көңілдеріне мақтаныш сезімдерін ұялату, оларға құрмет көрсетуге тәрбиелеу.	1
6	Бас қала - Астана	Астана туралы білім беру. Елордасы - Астана туралы түсінік терін кеңейту. Астана қаласының көрікті жерлерін буклеттен қарап, сүйіспеншілік сезімдеріне тәрбиелеу.	1
7	Менің сүйікті қалам - Ақтөбе	Ақтөбе қаламыздың тарихымен, еңбектерімен таныстыру. Туған өлкеміздің пайдалы қазба байлықтары, оларды қалай алатыны туралы ойларын жетілдіру. Өз қаласына деген мақтаныш сезімдерін тәрбиелеу.	2
8	Тәуелсіздік күні	Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздік алуы туралы әңгімелеу. Балалардың Отанына, туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру. Қазақстан Республикасының тәуелсіз күні мейрамы туралы ойларын қалыптастыру. Осы мейрамның халыққа деген маңызды екенін түсіндіру. Татулыққа, достыққа тәрбиелеу.	1
9	Мен - Қазақстан азаматымын	ҚР туралы білімдерін кеңейтумен бірге Қазақстан азаматы болу үшін қасиетті құжаттардың болуы керектігін түсіндіру, әрі Қазақстан азаматын басқа республика азаматтарынан ажырата білуге үйрету. Ел азаматы атағына лайықты, елінің патриоты болуға тәрбиелеу.	2
10	Қазақстан қалалары	Қазақстанның орталық қалаларымен жалпы таныстыру. Еліміздің өндірілетін пайдалы	2

Т. Аллы

		қазбалалары жайлы түсініктерін кеңейту. Туған өлкесін мақтаныш тұтуға тәрбиелеу.	
11	Ата - баба өнерін құрметтейік.	Қазақ халқының салт - дәстүрлері туралы түсінік беру, тұрмыс заттарының ерекшеліктерін таныту, сәндік бұйымдар, ұлттық аспаптар туралы ұғымын кеңейту, аттарын білдіру, сөздік қорларын дамыту. Аспап дыбысына сай қозғалыс жасай білу, отан сүйгіш сезімін тәрбиелеу, эстетикалық талғамын ұштау	2
12	Қазақтың ұлы ағартушылары	Қазақ халқының ұлы ағартушылары Шоқан, Ыбырай, Абай -халқы мен туған елін сүйген патриоттар туралы түсінік беру. Мақал-мәтелдер, өлеңдер арқылы патриоттық күреске шақыру, мәдениетке баулу, балаларға рухани тәрбие беру.	2
13	Бабалар өмірі - ұрпаққа өнеге	Хандар мен билердің өмір тарихына, атқарған істеріне тоқталып түсінік беру. Қазақ билерінің ұлы істерін, өсиеттерін танытып, ақылды, білімді адамдар болғанын түсіндіру. Оларды ұмытпас үшін ескерткіштер қойылатынын айтып, өнеге алуды тәрбиелеу. Балалардың мақтаныш сезімдерін оятып, ұлтжандылыққа, Отан сүйгіш қасиеттерге тәрбиелеу.	2
14	Ою - өрнектер	Балалардың ұлттық дүниетанымдық ұғымын кеңейту, халқымыздың қолөнері туралы мағлұмат беру, құрметпен қарауға тәрбиелеу. олардың ою элемент түрлерін ажыратуға және жасау жолдарын қолдануға үйрету. Шеберлікке тәрбиелеу.	1
15	Қол өнері – зор өнер	Шебердің қолы алтын». Сөзге де шебер, іске де ұста халқымыздың зор мәдениеті мен өнерін паш ететін құндылықтардың бірі – оның қол өнері.	2
16	Ата салтың – асыл қазынаң	Танымдық, тәрбиелік мағлұматқа бай қазақ халқының салт – сана, дәстүр – дәулет, ғұрып-ғұмыр туралы айту.	1
17	Төрт түлікті түгендесек	Жер бетіндегі ең малсақ халық – біздің қазақ халқы. Мінсе –көлігі, ішсе сусыны, жесе тамағы, кесе – киімі, тұтынса бұйымы осы малдан табылған ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы мал бағып, өсіріп өмір сүргенін балаларға түсіндіру, уағыздау.	2
18	Ұлттық киім - кешектер	«Ең әдемі киім ұлтыңның киімі» деген ұлы адамдар. Қазақ халқының ұлттық киімдерінің түрі де, үлгісі де еш халықтан кем болған емес. Халықтың өте көп киім түрлерімен таныстыру.	1
19	Наурыз - жыл басы	Балаларға көктем мезгілінде табиғаттың өзгеруімен таныстыру, наурыз туралы білім беру. Наурыз жыл басы деп түсіндіру. Балаларды барша мұсылманның мейрамы «Наурызды» құрметтеуге тәрбиелеу.	2
20	Ұлттық ойындар	Ұлттық ойындардың түрлерімен таныстыру. Ойын арқылы дене қимылын, денсаулығын нығайту, өмірге дұрыс көзқарасын, жақсы	1

Р. Әліев

		мінез-құлқын дамыту қалыптастырады. Достыққа, бірлікке, жігерлікке тәрбиелеу.	
21	Қазақ елінің тұңғыш ғарышкерлері	Балалардың дүниетанымын арттыру, «Ғарыш әлемі» туралы түсініктерін қалыптастыру. Жер планетасы, басқа да планеталарды зерттеуге ұшқан ғарышкерлермен таныстыру мақсатында, отанға деген сүйіспеншіліктерін арттырып, патриоттық тәрбие беру, Т.Әубәкіров, Т. Мұсабаевтің іскерлік істеріне құрметпен қарап, балаларды батылдыққа, ерлікке тәрбиелеу, білімдерін жетілдіру.	2
22	« 9- Мамыр Жеңіс күні»	Отаны үшін от кешкен батыр бабаларымызды еске алу. «Мен де өскенде батыр болам» деген ойды саналарына орнықтыру. Ерлікке, батырлыққа, елшілдікке, бауырластыққа, достыққа тәрбиелеу.	2
23	Ержүрек батырлар	Балаларға қазақтың халық батырлары туралы түсінік беру. Балалардың патриоттық сезімдерін тудыру, батылдыққа тәрбиелеу.	2
24	Қайталау	Өткенді қайталау	1
	Барлығы:	36 сағат	

T. Akhmedov

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Негізгі әдебиеттер:

- Менің елім Қазақстан (Балаларға арналған энциклопедия)-Орынбай Жанайдаров/ Алматы: «Балауса баспасы» - 2003ж.
- «Қазақстан елімен сиқырлы саяхат» Шымкент: «Шикула и К» -2003ж
- «Қазақ дәстүрлі мәдениетінің анықтамалығы» – Алматы «Сөздік» -1998ж
- Қазақстан өрнектері – /Аюбай Құралұлы/ Алматы «Өнер» -1990ж
- Өнегелілік - Отаншылдық тәрбие беру» (Алматы 2012 ж) кітабы
- Әдістемелік Құрал / Қоршаған орта мен экология негіздері / Ж.Ж.Әкімбаева, А.Б.Батырбаева / Алматыкітап баспасы-2013ж

2. Қосымша әдебиеттер:

- Тіл дамытудың ғажайып әлемі /хрестоматия/ Д.З. Жүсіпова, Б.Ж. Ноғайбекова Алматы: «Аруна» баспасы
- «Бала мен балабақша» журналы -19 бет - №6. (36) 2011ж
- «Бала мен балабақша» журналы -9,13,14,15 бет - №11 (41) 2011ж
- «Бала мен балабақша» журналы -17 бет - №2. (32) 2011ж
- «Бала мен балабақша» журналы -7 бет - №5. (35) 2011ж
- «Жыл он екі ай» №1. 2007ж.
- Бөбектерге байғазы /Өлеңдер жинақ кітабы/